

**Белгіленген тәртіпті бұзып, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығарылған шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын тәркілеу жайындағы судьяның қаулысын орындау туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 12 ақпан N 1564. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген тәртіпті бұзып, Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге шығарылған шикізатты, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын тәркілеу туралы судьяның қаулысын сот орындаушылары орындайтын болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Әкімшілік құқықтарын бұзу туралы Қазақ КСР Кодексіне толықтырулар енгізу туралы заң жобасын жаңадан сайланатын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі бірінші сессиясының қарауына енгізсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының әкімшілік заңдарына тиісті толықтыру енгізілгенге дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті*